

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**  
**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС отырысының 2024 жылғы 26 ақпандағы ҚАУЛЫСЫ**

**1. Абай атындағы ҚазҰПУ-дің инновациялық білім беру бағдарламаларының жүзеге асыру барысы.** Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың "Абай атындағы ҚазҰПУ-нің инновациялық білім беру бағдарламаларының жүзеге асыру барысы" туралы ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**1. Білім беру бағдарламаларын жобалау департаментіне:**

- Абай атындағы ҚазҰПУ түлегінің моделін әзірлеу.
- халықаралық рейтингтерге кіретін жоғары оқу орындарының ББ салыстырмалы талдау жүргізу (QS, THE);
- Абай атындағы ҚазҰПУ инновациялық білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу.
- силлабустарға, оқыту нәтижелеріне КС және еңбек нарығының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізу ;
- нарықтың жаңа сын-тегеуріндері мен талаптарын ескере отырып, оқыту нәтижелерінің тізілімін жасау ;
- инновациялық ББ іске асыру нәтижелері бойынша білім алушылармен және ПОҚ-мен кері байланысты ұйымдастыру (үнемі);
- Мансап орталығына 3-4 курс студенттерінің педагогикалық практикасының қорытындысы бойынша жұмыс берушілерді бағалауға талдау жүргізу -мамырға дейін.

**2. Институттар мен кафедраларға:**

- инновациялық білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз етудің әзірленуін және сапасын қамтамасыз ету;
- ПОҚ біліктілігін арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу ;
- 2024-2025 жылғы бағдарламаның пәндері мен minor бағдарламаларына тіркелуді қамтамасыз ету;
- UNIVER жүйесінде жаңа ББ (IP) пәндері бойынша ПОӘК мазмұнының уақтылы толтырылуын және сапасын қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

**2. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми-зерттеу жұмысының орындалу нәтижесі туралы.**

Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Е.А.Бурибаевтың "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми-зерттеу жұмысының орындалу нәтижесі" туралы баяндамасын тыңдап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Е.А. Бурибаевтың Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2023 жылға арналған ғылыми-зерттеу жұмысының есебі мақұлданып және бекітілсін.

2. *Өнер, мәдениет және спорт институтының, Сорбонна-Қазақстан институтының директорларына* білім беру бағдарламаларын гранттық қаржыландырылатын ғылыми жобалармен қамтамасыз ету мақсатында ПОҚ-ның ғылыми жобалар конкурстарына қатысуы бойынша жұмысы күшейтілсін.

3. *Ғылым департаментіне, институттардың директорларына және кафедра меңгерушілеріне:*

3.1. Университеттің халықаралық рейтингтердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Scopus және WoS базаларында индекстелетін журналдарда ПОҚ жарияланымдарын, сондай-ақ ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚҚ ұсынған басылымдардағы жарияланымдарды ұлғайту бойынша жұмыс жүргізілсін;

3.2. Халықаралық ынтымақтастық желісін және университеттің ғылыми әлемде танылуын кеңейту үшін QS рейтингінің ТОП-500 құрамына кіретін университеттердің шетелдік ғалымдарымен бірлескен жарияланымдар саны көбейтілсін;

3.3. Университеттің әлемдік рейтингтердегі көрсеткіштерін жоғарылату үшін «бір жарияланымға дәйексөз келтіру» және «әрбір ПОҚ-ға дәйексөз келтіру» көрсеткіштері ұлғайтылсын;

3.4. Жекелеген оқытушыларда жарияланымдардың толық болмауы жағдайлары жойылсын; атқаратын лауазымдарына конкурстардан өту кезінде ПОҚ-ның соңғы жылғы жарияланымдардың болуы ескерілсін;

3.5. Әрбір институт ғылыми мектептерді белсендіру, отандық және шетелдік ғалымдардың өзара әрекеттесуін ынталандыру мақсатында кластерлік ғылымды қалыптастыру үшін бір ғылыми бағыт бойынша ортақ зерттеу жүргізу мүмкіндіктері қарастырылсын;

3.5. Білім алушыларды ғылыми іс-әрекетке баулу және ғылыми қызметкерлердің жаңа буынын қалыптастыру мақсатында «зерттеу арқылы оқыту» әдістемесін енгізу мүмкіндігі қарастырылсын;

3.6. Республикалық ғылыми ұйымдармен (ҒЗИ) Университеттің ғылыми іс-әрекетін интеграциялау бағытындағы коллаборациялық жұмысы күшейтілсін;

- 3.7. Жаһандық ғылыми мүмкіндіктерді кеңейту және ұзақ мерзімді халықаралық әріптестіктерді орнату мақсатында QS рейтингінің ТОП-700 тізіміне енген шетелдік университеттермен бірлесіп жүзеге асырылатын халықаралық жобалардың саны ұлғайтылсын;
- 3.8. Орта білім беру жүйесінің проблемаларын шешуге арналған педагогикалық бағыт бойынша гранттық қаржыландыру және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясындағы ғылыми жобалардың саны көбейтілсін; Университеттің докторанттары мен жас зерттеушілерінің ғылыми жұмыстары орта білім беруді жаңғырту проблемаларын зерттеуге бағытталсын;
- 3.9. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының саны көбейтілсін;
- 3.10. StartUp жобаларын қалыптастыру және жүзеге асыру арқылы университеттің білім алушылары ғылыми зерттеулерге тартылсын;
- 3.11. Ғылыми зерттеулерді бизнеспен бірлесіп қаржыландыру және венчурлық қаржыландыру мақсатында серіктестерді табу жұмысы жандандырылсын.

**3. Оқуға қабылданған 1 курс PhD докторанттарының докторлық диссертация тақырыптары мен ғылыми кеңесшілері (отандық және шетелдік) және 1 курс магистранттарының магистрлік диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту туралы.** Ғылым департаментінің директоры Ұ.М. Абдиганбарованың Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдесіндегі №2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты», «Магистратура» (2-тарау, 1-параграф) бөлімінің 30-тармағына және «Докторантура» (2-тарау, 2-параграф) бөлімінің 78, 80 тармақтарына сәйкес 2023/2024 оқу жылында 10.01.2023 ж. № 05-04/18, №05-04/20 бұйрықтарымен оқуға қабылданған 1-курс PhD докторанттары мен магистранттарының диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін (отандық, шетелдік кеңесшілері) бекіту туралы» баяндамасын тыңдап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1.1. 1-курс PhD докторанттарының докторлық диссертация тақырыптары мен ғылыми кеңесшілері (отандық және шетелдік) 1- қосымшаға сәйкес бекітілсін;
- 1.2. 1-курс магистранттарының магистрлік диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілері 2- қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Әртүрлі.

5. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Б.А.Тілеп

М. А. Абсатова